



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25. ақпан 2010 жыл № 52 " " 200__ года

№ _____ дана экз. № _____

Тараз қаласы

Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарының жарғылық капиталдарын арттыру және Жарғыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заңдарына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теміржол-Жылу», «Таразтрансэнерго», «Жамбыл-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарының және «Жамбыл-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Шу-Жылу» еншілес мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының атауы Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теміржол-Жылу», «Таразтрансэнерго», «Жамбыл-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындары және «Жамбыл-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Шу-Жылу» еншілес мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып өзгертілсін.

2. Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының «Жамбыл-Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғылық капиталының көлемі баланса Тараз қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 54 орта мектебінің балансында тұрған қазандық

ғимаратын пештерімен бірге 11 150 902 (он бір миллион жүз елу мың тоғыз жүз екі) теңге сомаға арттырылсын.

3. Облыс әкімдігінің энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теміржол-Жылу», «Таразтрансэнерго», «Жамбыл-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарының және «Жамбыл-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Шу-Жылу» еншілес мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғылары жаңа редакцияда бекітілсін.

4. Мемлекеттік басқару органы болып табылатын Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы осы Жарғылардың әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Кәрім Насбекұлы Көкрекбаевқа жүктелсін.



К.Бозымбаев

2 03 416 10

Бланк с отрываемой наклейкой. ЖАМАБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ. Бланк бет серпінсіз қолданылады. Бланк бетіне қажетті мақалалар, заңдар, қаулылар және өзге де актілерді қолдануға болмайды. Бланк бетіне қажетті мақалалар, заңдар, қаулылар және өзге де актілерді қолдануға болмайды. Бланк бетіне қажетті мақалалар, заңдар, қаулылар және өзге де актілерді қолдануға болмайды. Бланк бетіне қажетті мақалалар, заңдар, қаулылар және өзге де актілерді қолдануға болмайды.